

25 Маусым
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

БАСТЫ ТАҚЫРЫП

АСХАТ ШАХАРОВ СУ ТАСҚЫНЫНДА АҚТӨБЕЛІКТЕРГЕ

КӨМЕКТЕСКЕН АЗАМАТТАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРДЫ ТАБЫСТАДЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА Орын алған көктемгі су тасқынында бей-жай қарап қалмай, зардап шеккендерге қолғабыс білдірген жеке кәсіпкер, волонтер, құтқарушылардың кеудесіне медаль тағылды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен Ақтөбе облысының 11 тұрғыны мемлекеттік наградаға ие болды. Оның алтауы ақордада өткен салтанатты рәсімге қатысып, мемлекет басшысының қолынан марапаттарын алды.



Ал қалған бес азаматқа жоғары дәрежелі марапатты облыс әкімі Асхат Шахаров облыстық әкімдіктің мәжіліс залында өткен салтанатты марапаттау рәсімінде табыстады.

Сол қатарда жерлесіміз, Көптоғай ауылдық округінің өрт сөндіру бекеті басшысы Ерлан Шойынов «Ерен еңбегі үшін» медальмен марапатталды. «Өңір басшысы төтен-

ше жағдайда азаматтық белсенділік танытқандар – нағыз патриоттар деді. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, өміріне қауіп төнсе де, сын сағатында күндіз-түні аянбай

еңбек етіп, өз қызметтерін адал атқарған әрбір жанға алғысын жеткізді. «Өңірімізде орын алған табиғи тасқында төтенше жағдайлар қызметі, әскерилер, полицейлер, дәрігерлер, коммуналдық мекемелердің өз қызметтерін адал атқарды. Оларға, сондай-ақ, зардап шеккен тұрғындарға жан-жақты қолдау білдіріп, қол ұшын созған жаңдар да өте көп болды. Бәрін де нағыз патриоттар, тілеулестер деуге болады.

Ал бейбіт күннің батыры атану – кез келген адамның қолынан келе бермейтін іс. Ел басына күн туып, төтенше жағдай кезінде шұғыл шешім қабылдап, ержүректілік танытқан барлық жерлеске шын жүректен алғыс айтамын», - деді Асхат Шахаров.

АСХАТ ШАХАРОВ,**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ**

- Биылғы көктемгі апат еліміз үшін оңайға соқпады. Өңірдің жанашыр азаматтары зардап шеккен жерлестерімізге жан-жақты қолдау көрсетті. Бірі қайықпен тұрғындарды көшірсе, бірі гуманитарлық көмекті дер кезінде жеткізуге ат салысты. Эвакуациялық орталықтарда да ағайынға жағдай жасап, жанашырлық танытқан жандар көп. Сіздерді бүгінгінің батырлары деп білемін. Еңбек елеусіз қалмауы тиіс. Бүгін Ақордада Мемлекет басшысы біздің өңірдің нағыз патриоттарына ең жоғары деген наградалар табыстады. Облыс тарапынан да бүгін азаматтарды марапаттап, лайықты сый-құрмет көрсеттік.

«Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет» деген Бауыржан бабамыздың сөзі бар. Ел басына сынақ түскенде бей-жай қалмаған әр жерлесіме алғысымды білдіремін!

Бүгінде зардаптың салдарын жою жұмыстары қарқынды жүруде. Баспанасынан айрылып, дала мен қала кезген әр тұрғын үшін жауаптымыз.

Ел іші - алтын бесік. Бейбіт заманда, көлденең апаттан аман болайық, жерлестер! «Тәртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп бекер айтпаса керек дана халқымыз. Татулық - тығырықтан шығар басты күш!

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ТАСҚЫН СУДАН ЗАРДАП ШЕККЕН 132 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Өңірде табиғи апат салдарын жою жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Қираған үйлердің орнына жаңасы салынып, жақын арада қолданысқа беріледі.



Тасқын судан түгел қираған Екпелтал ауылының тұрғыны Еркін Жакин аудан орталығына қоныс аударды. Отбасына жайлы баспана тапқан соң қажетті қаржы қайырымдылық қорынан бөлінді.

Еркін Жакин, Ойыл ауылының тұрғыны:
- Бәрі салулы. Қорасы бар, ауласы бар. Сарайы бар. Жақсы. Маған дайын есебінде көп көмек болды. Мазаланбаймын ғой «ананы саламын, мынаны саламын» деп.
Зоя Жакина, Ойыл ауылының тұрғыны:

- Алма бар, алмұрт бар, шие бар. Бәрі бар. Жүзім де тұр. Бұрынғы отырған адам егіп кеткен бәрін. Жақсы. Өзімізге ұнады. Осындай өзіміздің еліміз сияқты. Көгал айналамыз. Аудан орталығынан 132 үй сатып алынды. Тағы 39

тұрғын тиісті құжаттарды дайындап жатыр. Бұдан бөлек, жаңа үйлердің де құрылысы да қарқынды. Мәселен, аудан орталығы Ойыл ауылында 19 үй салынып жатыр. Алпамыс Жаржанов, құрылыс компаниясының өкілі:
- Қазір мына екі төбені жауып болғаннан кейін электромонтажниктер келіп, электр желілерін жүргізе бастайды. Екі үйді бітіріп болғаннан кейін «отделкіге» кірседі. Бір айға жетпей қоныстанады деп ойлаймыз.

Жаңа үйлердің дені Қаратал ауылында. Мұнда 131 баспананың құрылысы жүріп жатыр. Жалпы Ойыл ауданында 328 үйді су басқан еді. Жергілікті билік тамыздың аяғына дейін зардап шеккендерді жаңа үймен толықтай қамтуды көздеп отыр.

ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН 70-ТЕН АСТАМ ЖАС ОТБАСЫ "АҚТӨБЕ ЖАСТАРЫ" МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ



Өңір жастарын баспанамен қамтамасыз ету үшін 1 млрд теңге бөлінді. «Аталған бағдарлама арқылы жыл соңына дейін 70-тен астам жас отбасының баспаналы болуына мүмкіндік жасағымыз келіп отыр.

Бұл жерде негізгі басымдық ауыл жастарын тұрақтандыру және баспанасыз жүрген жұмыссыз жастарға беріледі», - деді өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында облыстық жастар саясаты

мәселелері басқармасының басшысы Мирхан Ермағанбетов. Оның айтуынша, басқарма ағымдағы жылы «Ақтөбе жастары» жастарға арналған мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасының екінші кезеңін жүзеге асыру бойынша тиісті жұмыстарды қолға алды. Бөлінген қаражаттың тең жартысы жергілікті бюджеттен қарастырылған. Еске салайық, өткен жылы аталған бағдарлама арқылы 42 жас отбасы баспаналы болған еді.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2024

Аудандық «Ойыл» газетіне «ҚАЗПОЧТА» АҚ арқылы 2024 жылдың II жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр!

ИНДЕКС**ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ****6 АЙ****65525****ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА****3292,42****66525****ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА****4971,92****67525****ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА
(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)****2812,42****БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:****2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)****2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)**

«ЕР ҚАЗАҚ ЕЖЕЛДЕН ЕРКІНДІК АҢСАҒАН»

ҚАЗАҚ КСР-НІҢ АЛҒАШҚЫ ӨНҰРАНЫН КІМ ЖАЗҒАН?

1943 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚ КСР ӨНҰРАНЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ. ДӨЛ 81 ЖЫЛ БҰРЫН ҚАЗАҚ КСР-НІҢ АЛҒАШҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӨНҰРАНЫН ЖАЗУҒА БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНДЫ. ӨНҰРАН СӨЗІ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН БАЙҚАУДА 27 ЖАСТАҒЫ ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ МӨТІНІ ТАҢДАП АЛЫНҒАН.



Шынында, Өнұранның авторы болу қай ақын үшін де, қай сазгер үшін де үлкен мәртебе. Авторларға қойылған талап - коммунистік идеологияға сай, социализмді дәріптейтін мазмұнға құрылуы керек. Өнұранның мәтіні ретінде сол жылы Әбділдә Тәжібаев, Қайым Мұхамедханов және Ғабит Мүсіреповтің бірлесіп жазған өлеңі таңдалады. Ал тарихтағы кей деректерде КСР өнұран мәтінін толықтай Қайым Мұхамедхановтың өзі жазып шыққан делінген. Қайым Мұхамедханов – ғалым, абайтануды ғылыми негізіндеуші, шәкәрімтанудың негізін қалаушы, текстолог. Сегіз қырлы Мұхамедханов Қазақ ССР Гимнінің авторы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының, Жазушылар одағы сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Халықаралық Абай академиясының Алтын медалінің иегері, профессор. Одан бөлек, КСРО және Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі деп танылған. Қайым Мұхамедханов – Қазақ ССР-і мемлекеттік гимні мәтінінің авторы. 27 жастағы жас жігіт 1943 жылы республика гимнін жазып, конкурс жеңімпазы атан-

ды. 27 жастағы жігіттің жазған Өнұраны «Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған» - «Героический казахский народ издревле мечтал о свободе» деп басталады. О заманда мұндай жалын атқан сөзді тек нағыз патриот қана жаза алатын. Бұл мәтін 30 жасар композитор М.Төлебаевты музыка жазуға шабыттандырды. Бұл гимн бірнеше онжылдықтар бойы айтылғанын ұмытпаған жөн! Дегенмен сол замандағы билік өз халқын ер, ержүрек деп айтуға жасқанатын, сол себепті «ер» сөзін «біз» деген сөзге ауыстырып, жекелеген авторлар – жас ақын (Қ.Мұхамедханов) және жас композитор (М.Төлебаев) яғни, «серіктестер» ұжымы атынан шығарды. 1992 жылы Қайым тәуелсіз Қазақстанның Өнұранын шығаруға арналған байқауға қатысып, мәтіні тағы жеңіске жетті. Бірақ бұл жолы Қайым «авторлар ұжымын» қосатындықтан Өнұранды шығаруға қатысудан бас тартты. Қазақ КСР-нің Мемлекеттік Өнұранының мәтіні әліге дейін сақтаулы. Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған, (Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған), Бостандық өмір мен ар үшін

қиған жан. Торлаған тұманнан жол таппай тұрғанда, Жарқырап Лениндей күн шығып, атты таң. Қайырмасы: Жасасын Советтер Одағы, Жеткізген еркіндік, теңдікке, Бастайтын елдерді бірлікке, Жеңіске, шаттыққа, ерлікке! *** Дақ салмай Лениннің жеңімпаз салтына, Ұрпағы қосты даңқ Отанның даңқына, Одақтас, ұрандас елдердің қамқоры, Көп алғыс айтамыз ұлы орыс халқына. Қайырмасы: Жасасын Советтер Одағы, Жеткізген еркіндік, теңдікке, Бастайтын елдерді достыққа, Жеңіске, шаттыққа, ерлікке! *** Іргелі мемлекет, ерікті болды ел, Достықпен, бірлікпен жайнайды туған жер. Еңбекте, майданда, жеткізген жеңіске Данышпан партия — сүйікті кемеңгер. Қайырмасы: Жасасын Советтер Одағы, Жеткізген еркіндік, теңдікке, Бастайтын елдерді бақытқа, Жеңіске, шаттыққа, ерлікке!

Адыма.kz

ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ТҮСКЕН ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

(22 мамырдан 07 маусымға дейін)

№	Ұсыныстар/ескертүүлөр	Орындау мерзімі	Жауапты (Т.А.Ө. ММ басшысы, а.о. өкімі)	Бақылаушы (Т.А.Ө. аудан өкімі орынбасары)
1	Көктемгі су тасқыны салдарынан шайылған Саралжын-Ақжар автокөлік жолы учаскелерін қалыпқа келтіру.	2024 жылдың аяғына дейін	Ж.Абиев	С.Сүлейменов
2	Жекеңді дәрігерлік амбулаториясын жедел-жердем автокөлігімен қамтамасыз ету.	2024 жылдың аяғына дейін	А.Кереев	М.Айдарбаев
3	Қараой ауылынан шағын футбол алаңын жасақтау.	2024 жылдың аяғына дейін	А.Султанов	М.Айдарбаев
4	Көктемгі су тасқынынан қорғау мақсатында Аманкелді ауылы іргесіндегі дамбаны көтеру.	2024 жылдың аяғына дейін	Е.Асылбаев	С.Сүлейменов
5	Көктемгі су тасқынынан қорғау мақсатында Қаратал ауылы іргесіндегі дамбаны көтеру.	2024 жылдың аяғына дейін	Н.Шауменов	С.Сүлейменов
6	Қаракемер ауылындағы көктемгі су тасқыны салдарынан істен шыққан су беру құрылғысының электр тоғы бағаналарын қалыпқа келтіру.	2024 жылдың аяғына дейін	А.Аманғосов	Н.Тұрғамбеков
7	Ойыл ауылынан балалар ойын алаңын жасақтау.	2024 жылдың аяғына дейін	А.Аманғосов	М.Айдарбаев

EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ТАҢУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ ЖҰМЫС ІСТЕУДІ



Енді пайдаланушылар онлайн режимінде электрондық үкіметтің порталында жоғары, орта, техникалық және орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қызметіне өтінім бере алады. Бұл пайдаланушыларға білім туралы бұрын алынған құжаттардың түпнұсқалығын растауға мүмкіндік береді. Қызметті алу нәтижесінде пайдаланушы бұрын жоғалған құжаттың түпнұсқалығын тану туралы куәлік ала алады, оның телнұсқасын ала алады немесе шетелде алынған білімнің түпнұсқалығын растай алады. Қызмет Қазақстанда және одан тыс жерлерде білім алғанын растайтын құжаттарға та-

ралады. Қызмет құжаттардың екі санаты: орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттар бойынша жұмыс істейді. **5 ҚАДАМ ЖАСАП ҚЫЗМЕТТІ АЛА АЛАСЫЗ:**
- eGov.kz порталында авторизация жасаңыз;
- «Білім» бөліміне өтіңіз;
- қызметтер тізімінен құжаттың құжаттың санатын таңдаңыз: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану» немесе «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттарды тану»;

- барлық қажетті өрістерді толтырыңыз және файлдарды жүктеңіз;
- қызметке ЭЦҚ немесе смс-пароль арқылы қол қойыңыз (міндетті түрде мобильді азаматтар базасында тіркелу қажет);
- Жеке кабинетте сіздің өтініміңізді өңдеу туралы хабарламамен танысу, ол көрсетілген уақыт ішінде келіп түседі. Бұл қызмет сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бөлімшелерінде офлайн режимінде қол жетімді екенін естеріңізге саламыз. **Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ РАБОТАЕТ УСЛУГА ПО ПРИЗНАНИЮ ДОКУМЕНТОВ ОБ ОБРАЗОВАНИИ

Теперь пользователи могут подать заявку на услугу признания документов о высшем, среднем, техническом и послесреднем образовании на портале электронного правительства в режиме онлайн. Это дает возможность пользователям подтвердить подлинность ранее полученных документов об образовании. В результате получения услуги пользователь может получить удостоверение о признании подлинности ранее утерянного документа, получить его дубликат, либо подтвердить подлинность образования полученного зарубежом. Услуга распространяется на документы подтверждающие получение образования в Ка-

захстане и за его пределами. Услуга работает по двум категориям документов: документы о среднем, техническом и послесреднем образовании, а также о высшем и послесреднем образовании. **Чтобы получить услугу можно в 5 кликов:**
- авторизуйтесь на портале eGov.kz;
- перейдите в раздел «Образование»;
- из перечня услуг выберите необходимую категорию документа: «Признание документов о среднем, техническом и профессиональном, послесреднем образовании» или «Признание документов о высшем

и послесреднем образовании»;
- заполните все необходимые поля и загрузите файлы;
- подпишите услугу с помощью ЭЦП или при помощи смс-пароля (обязательно иметь регистрацию в базе мобильных граждан);
- ознакомьтесь с уведомлением в Личном кабинете об обработке вашей заявки, которое поступит в течение указанного времени. Напомним, что услуга также доступна в отделениях НАО «Государственной корпорации «Правительства для граждан» офлайн. **Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА, Управление по связям с общественностью АО «НІТ».**

ҚАЗАҚСТАНДА ВЕЙПТЕРГЕ РЕСМИ ТҮРДЕ ШЕКТЕУ САЛЫНДЫ

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІНІҢ ІШІНДЕ НЕ БАР?

Көптеген вейп сұйықтықтарында синтетикалық иістерді жасыратын және қоспаны кәміп пен жеміс дәмін келтіретін диацетил бар.

Бұл зат облитерантты бронхит немесе «попкорндық» екле ауруын тудырады: жөтел, сырыл, тыныс алудың қиындауы және кеудедегі ауырсыну.

Сондай-ақ, вейп сұйықтықтарында пропиленгликоль мен глицерин бар, олар қыздырылған кезде пайда болады:

- акролеин — тыныс алу жолдарын тітіркендіреді;
- глиоксаль — мутагендік қасиетке ие;
- формальдегид — канцероген;
- ацетальдегид — потенциалды канцероген болып табылады.

СЫЙЛЫҚҚА: ЖАҢА АУРУ

Вейптер адамзатқа «вейперлер ауруы» немесе EVALI деп аталатын жаңа, алғаш сипатталған ауруды берді.

Оның белгілері липидті пневмонияға ұқсайды және оны емдеудің жалпы қабылданған әдістері жоқ.

Вейптер темекі шегу сияқты атеросклерозға, тамырішілік қабынуға, тромбозға және осы жағдайлармен байланысты аурулардың дамуына, соның ішінде инфаркт пен инсультке әкеледі.

ВЕЙПЫ ОФИЦИАЛЬНО ЗАПРЕТИЛИ В КАЗАХСТАНЕ

ЧТО ВНУТРИ ЭЛЕКТРОННЫХ СИГАРЕТ

В большинстве жидкостей для вейпов есть диацетил, который скрывает синтетические запахи и придает смеси вкус конфет и фруктов.

Из-за этого вещества возникает облитерирующий бронхит, или «попкорновая» болезнь легких: появляется кашель, хрипы, затруднение дыхания и боли в груди.

Так же в жидкостях для вейпов содержится пропиленгликоль и глицерин, которые при нагревании образуют:

- акролеин — раздражает дыхательные пути;
- глиоксаль — обладает мутагенными свойствами;
- формальдегид — канцероген;
- ацетальдегид — потенциальный канцероген.

НОВАЯ БОЛЕЗНЬ В ПОДАРОК

Вейпы подарили человечеству новое, впервые описанное заболевание, которое так и назвали - «болезнь вейперов» или EVALI.

По симптомам она напоминает липидную пневмонию, а общепризнанных методов ее лечения не существует.

Вейпинг, как и курение, приводит к атеросклерозу, внутрисосудистому воспалению, тромбозам и развитию опосредованных этими состояниями заболеваний, включая инфаркты и инсульты.

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫ КЕЙІПКЕРЛЕРІ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ? ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

БЕЛГІЛІ МӨДЕНИЕТТАНУШЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУШІ ЗИРА НАУРЫЗБАЙ ҚАНДАЙ ДА БІР ЭТНОС ЖАҢА ДІНДІ ҚАБЫЛДАҒАНДА, ЕЖЕЛГІ ҚҰДАЙЛАР ДЕМОНОЛОГИЯ ШЕҢБЕРІНДЕ ТӨМЕНІРЕК ДӨРЕЖЕГЕ ИЕ БОЛЫП, «ШАЙТАН, ПЕРІ, ЖЫНДАРҒА» АЙНАЛАДЫ ДЕГЕН ПІКІРДЕ.



Бұл туралы ол «Қазақ мифологиясындағы әйел бейнесі» атты дәріс барысында айтып берді. Шараны Qalam Global көптуғырлы ғылыми-біліми жобасы Қарағанды қаласында ұйымдастырған болатын. Зира Наурызбай бір кездері қоғам өмірінде маңызды орын алған ежелгі мифтердің ұзақ эволюциядан өткенін, өзгергенін және исламның келуімен қарапайым бола түсіп, фольклорға айналғанын атап өтті. Ол мысал ретінде еуразиялық халықтардың бәрінде белгілі бір сипатта кездесетін «албасты» кейіпкерін келтірді: «Ғалым Серікбол Қондыбай албастының өте көне бейне екенін, әу баста әйел құдай міндетін атқарғанын дәлелдеді». Алайда исламның келуімен «албасты» туралы түсінік өзгерген. Дәріс барысында ол жаңа діннің таралуымен бір мифологиялық кейіпкерді басқа бейне алмастыратынына қатысты мысалды да атап өтті.

«Фатима – Мұхаммед пайғамбардың қызының есімі. Сондай-ақ түркі мұсылман халықтарының көбінде ол Ұмай ананың, яғни балалар мен жүкті әйелдерді желеп-жебейтін әйел құдайдың орнын басқан. Этнографтар әйел босанып жатқан сәтте бір аймақтарда «Менің қолым емес, Ұмай ананың қолы», екінші бір жерлерде «Менің қолым емес, Бибәтима ананың қолы» деп ырым жасайтынын айтады. Бұл жердегі «Бибәтима» – «Биби Фатиманың» өзгерген түрі», - дейді Qalam Global дәріскері. Зира Наурызбай мифтердің құндылығы олардың ежелгі дәуір адамдарының әлем туралы түсінігін сипаттайтын екенін шектелмейтінін атап өтті. «Бізде «мифология», «миф» деген сөздер көп жағдайда ойдан шығарылған дүниені білдіреді. Шын мәнінде, миф – бейнелі, символикалық

капсула. Ата-бабамыз осы капсулаға әлемнің қалай пайда болғаны туралы түсінігін сыйғызған. Осылайша өзінің жан-дүниесіндегі рухани өзгерістерді жеткізген. Иә, миф, мәселен, дүниенің қалай жаратылғанын қате сипаттауы мүмкін, алайда ол адамның ішкі дүниесі қандай екенін дәл айтып бере алады. Сценаристер мен психологтар үшін мифология туралы кітаптардың ең басты оқулықтардың біріне айналуының себебі осында», - деді ол. Дәріс барысында Qalam Global авторы қазақ мифологиясындағы Ұмай ана, Мыстан кемпір, Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір, От Ана, Көклен, Албасты, Пері секілді әйел бейнелері туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Кездесудің бір бөлігі қазақ эпостарында кездесетін әйел кейіпкерлерге арналды. **Димаш ЗИЯДИН,** Qalam Global PR-директоры



Ел болғаннан кейін даудай болмай тұрмайды. Даудай-дамайды тиімді шешудің бірден-бір жолы - медиация. Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғалар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар қатынастарында өзара азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқықтық қатынастардан және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы. Медиация дегеніміз - тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Соңғы жылдары дауларды соттан тыс және сотқа дейін реттеуге басымдық берілуде. Аталған жұмыстар «Медиация туралы» заң қабылданған сәттен бастап заңдық тұрғыдан жетілдіріліп келеді.

Жалпы медиацияның мақсаты - дауды шешуде келісімге қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендетуді көздейді. Ойыл ауданының сотымен дауды татуласу жолымен шешудегі жұмыстар өз жалғасын табууда. Атап айтқанда 2024 жылдың осы кезеңі бойынша 22 азаматтық іс, қылмыстық іс бойынша 1 іс - медиация тәртібімен шешілді. Яғни, аталған істердің медиация жолымен шешілуі дау аяқталғаннан кейін азаматтар арасындағы татулықты сақталуына өз әсерін тигізетін анық. Аталған жұмыстар әр облыстық және оған теңестірілген соттарда өз жалғасын табууда. Сонымен қатар ауданымызда да туындаған дауларды медиация жолымен шешу өз жалғасын табууда. Аталған жұмыстарды әр ауылдық жерлерге бекітілген қоғамдық медиаторлар жүргізуде.

Егерде туындаған дауды медиация жолымен шешуді таңдаған болсаңыз өз ауылдық аймағыңыз бойынша бекітілген қоғамдық медиаторлардың көмегіне жүгініп, туындаған дауды медиация тәртібімен шешуге болады. Ол үшін әр ауылда орналасқан әкімшілік ғимаратына барып қоғамдық медиаторлар туралы ақпаратты біле аласыздар. Қазақ «дау мұраты – біту» деген аталы сөз бар. Медиация тәсілінің енуінің өзі, өмір талабы. Ерте кезде қаймағы бұзылмаған қазақ ауылдарында дауды мәселелерді шешетін ақсақалдар болғаны барша-мызға мәлім, ол үрдісті қазіргі таңда қоғамдық медиаторлар жалғастыруда. Яғни, мұндай тәжірибе Қазақ елінің тарихында ерте заманнан болғандығын байқауға болады. Осыған қарап, азаматтар арасында туындаған дауларды баламалы түрде шешу ісі Қазақстан үшін соңғы үрдіс емес. Ата бабамыз «Бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде» деп, қандай дауды болмасын сабырлықпен, көптің қатысуымен, елдің төрелік етуімен, билердің билік құруымен шешіп отырған. Бітім, құн беру, келісімге келу, ағайыншылық жолдарымен талай күрделі мәселенің күрмеуі шешілген. Әрдайым қара қылды қақ жарған әділдікті берік сақтаған халқымыздың ежелден ұстанымы осындай болады. **Ж. МАЙЖАНОВ,** Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.

ОРМАН-ТОҒАЙ ӨРТІНІҢ АЛДЫН АЛУ - МІНДЕТІМІЗ!

КЕҢДАЛАМЫЗДА КӨКҚАПТАП, ОРМАН-ТОҒАЙДЫҢ КӨРКІ ҚАРАҒАЙ, ТЕРЕК, АЛҚА ТАЛДАРЫ БҮРШІК ЖАРЫП АЙНАЛА ТАБИҒАТҚА КӨРІК БЕРІП ТҰР. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАУ - ӨРБІР АЗАМАТТЫҢ ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗЫ. ЖЫЛ САЙЫН СӨҮІР-ҚАЗАН АЙЛАРЫ АРАЛЫҒЫ ӨРТ ҚАУПІ МАУСЫМЫ. НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ӨРТ ҚАУПІ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ. КӨКТЕМГІ ӨРТ ҚАУПІ БАР КЕЗЕҢІНІҢ БАСТАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ШАРУАШЫЛЫҚ, МЕКЕМЕ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА ЕСКЕРТУ ХАТТАР ТАРАТЫЛАДЫ.



Өрбір орман күтушілер өз қарамағындағы ауылдық округтерінде орман-тоғай өртінің алдын алу және болдырмау мақсатында ауыл тұрғындары мен ұжымшарлар арасында, мектептерде, ұстаздар мен оқушыларға өрт қаупі бар маусымында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, парақшалар таратылады.

Өр елдің өзінің табиғи ерекшеліктеріне сай өзен, көлдері баршылық. Бізде де өзен бойын қуалай жағалай өскен жиде, терек ағаштары мен бұта талдары қаптап өсіп, көркейіп келеді. Қоршаған

ортаның, орман-тоғайдың тазалығын сақталуына өрттен қорғауға жауапкершілікті арттыру өрбір тұрғынның парызы. Ойыл аудандық «Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» ММ-нің қарасты Ойыл өңірінің оазисына айналған Барқын орманының сап түзеліп өскен қарағай орманы орналасқан, табиғаты тамаша мекен. 2024 жылдың 15 маусымында ауа райының күрт өзгеру салдарынан найзағай түсіп Барқын орманының екі жерінен өрт пайда болды. «Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» ММ орманшылардың дер кезінде өртті анықтап сөндірді, өрттің өрі қарай таралуына жол берілген жоқ. Сонымен қатар, орман өртінің 80 пайызға жуығы тұрғындар еңбек етіп немесе демалып жатқан жерлерінде өрт қауіпсіздігін сақтамауынан, орманда ақаулы техниканы пайдаланудан орын алуы

мүмкін. Орманда өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталмауы. Бір өкініштісі, орманға келушілердің көбі өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныс емес, отты сақтықпен пайдалануға дағдыланбағандардың қатары көп. Негізінен, жанып тұрған сіріңкенің шиін, темекі тұқылын жерге тастау, бекітілмеген жерлерге, қылқан жапырақты жас екпелерге, бұрын жанған ағаштарға, орманның зақымдалған учаскелерінде, сондай-ақ, ағаш бұтақтарының астында және көпкең шөбі бар жерлерде от тұтатпау қажет. Орман өрті орын алса, есіресе, ұзаққа созылған құлаңшылық жылдары жүздеген гектар жерге таралып, жалпы тиген жердің бәрін тып-тыпыл етеді. Орман өртінің табиғатқа келтіретін зияны аз емес. Өйткені жасыл-желелекті қайта қалпына келуі үшін ондаған жылдар қажет. Өрт бола қалған жағдайда орманның табиғи қайта түлеуі жойылады. Зиянды орман жәндіктері орман өртінен нашарлаған сүрек-діндерге қонып, тез көбейе бастайды да, кейіннен олар жанында өсіп тұрған сау ағаштарға ауысып, оларды зақымдап, шірітеді. Қызыл жа-

лын орман ішіндегі құстардың ұясы мен жан-жануарлардың қоректік базасын да жояды. Ал орман өртінің алдын алу үшін алдымен адамдар табиғатты пайдалану мәдениетін меңгеруі қажет. Орман өрттен сақтау, табиғатқа тағылық көрсетпеу бір адамның немесе бір мекеменің жұмысы емес, барша адамзатқа ортақ міндет. Яғни, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қоғам тыныштығының кепілі. Бастысы, жұртшылық өрттің туындауына жол бермеу үшін барын салуы қажет. Орман және дала өртінің алдын алу және жою мәселесі ерқашан басты назарда болып, аталған табиғи апатқа қарсы әрекет етуге дайын болуымыз қажет. Орман қоры аумағында өрт оқиғаларын алдын-алу бағытында аудан тұрғындары төменде көрсетілген ережелерді сақтауыңызды сұраймыз: - шабындық, егістік, орман алқаптарында қураған шөптерді, қоқыстарды ертеуге және бақылаусыз қалдырмауға жол бермеуді; - күн райы құрғақ, ыстық және қатты жел кезінде алау жақпауды; - демалыс орнынан кетерде

алауға су құйып, құм немесе топырақ сеуіп кетуді. жанып жатқан қалдықтар мен сіріңкені лақтырмауды; - егер өрт аумағында болсаңыз өзіңіздің күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, оның таралу бағытын және шығу бағдарын анықтап құтқару қызметіне 101, 112 нөмірі арқылы хабарлауды. Орман, тоғайлы, далалық алқаптарда өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар, жергілікті атқарушы органдар, полиция қызметі, орман шаруашылығы мен төтенше жағдайлар қызметі қызметкерлерінен құрылған мобильдік топтармен әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны жөнінде ескертеміз. Қазіргі таңда мобильдік топтармен орман, тоғайлы, далалық және егістік алқаптарда рейдтік шаралар жүргізілуде. Өрт – тілсіз жау. Орман, тоғайлы, далалық алқаптарда өрт оқиғаларын болдырмау үшін қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтауды ұмытпайық! **Ербол РЗИН,** Ойыл орман және жануарлар дүниесінің қорғау мекемесінің өрт сөндіру станциясының бастығы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1409 дана. Тапсырыс 808 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ӘКЕ-ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ

19 МАУСЫМ КҮНІ ОБЛЫС ӘКІМІ ЖАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ХАТШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ӘКЕ – ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ» АТТЫ ӘКЕЛЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ ФОРУМ ӨТТІ.



Шараның мақсаты - әкелер институтын нығайту, олардың отбасындағы рөлін арттыру, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу. Облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Елеуов облыстағы әкелердің жетістіктері мен ұрпақ тәрбиелеуде кездесіп

жатқан мәселелерге тоқталды. Шара барысында отбасылық құндылықтарды насихаттау, ата-ана институтын нығайту және қоғамдық істерге белсене араласып, көпке үлгі боларлық жұмыстарды ұйымдастыра отырып, өнегелі ұрпақ

тәрбиелеген, үлгілі әкелер облыс әкімі А.Шахаровтың алғыс хатымен марапатталды. Олардың қатарында аудандық ауруханасының тіс дәрігері Жәнібек Омаров, аудандық білім бөліміне қарасты әдіс-тәжірибе кабинетінің әдіскері Әбілхан Ажниязов бар.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕ КӨПТІҢ КӨМЕГІ ҚАЖЕТ

ӨТКЕН ЖҰМАДА АУДАНҒА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОБИЛЬДІ ТОП МҮШЕЛЕРІ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ. ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА ҚР СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ АЛМАТ МЫРЗАЛИЕВ, АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРІНШІ МЕДИА ОРТАЛЫҒЫ РҚБ ФИЛИАЛЫНЫҢ БАСШЫСЫ, ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ МҮШЕСІ ӨСЕЛ МҰСТАФИНА, «АТАМЕКЕН» СТУДЕНТТЕР ОТРЯДЫНЫҢ ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ТӨРАҒАСЫ НҰРЖАН ШАҒЫТБАЕВ, ВОЛОНТЕР-СПИКЕР ӘЛІШЕР МАЖИТ БОЛДЫ.



Мобильді топтың мақсаты - халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түсіндіру, яғни тұрғындарды жемқорлық әрекеттеріне жол бермеуге шақыру, пара беру немесе алу әрекеттері орын алған жағдайда, құқық бұзғандарға қандай жазалар қолданылатындығын түсіндіру. Семинар барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жемқорлыққа қарсы мәдениет пен сананы қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет түсінігі, құрылымы, міндеттері

мен функциялары жайында ақпараттар беріліп, жиынға қатысушылардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Шара барысында мобильдік топ мүшелері сыбайлас жемқорлықтың мемлекет үшін де, қоғам үшін де аса қауіпті дерт екенін атап өтіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысты қолдауға шақырды. Топ мүшелері жиын соңында аудан тұрғындарына құқықтық және проблемалық мәселелері бойынша азаматтарға арналған қоғамдық қабылдау жүргізіп, сауалдарына жауап берді. Сонымен қатар ауданға жа-

саған жұмыс сапары аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлар Ойыл ауданындағы су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға салынып жатырған баспаналардың құрылыс жұмыстарына мониторинг жүргізді. **P.S. АЙТА КЕТУ КЕРЕК, ЖОБА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ МЕН «АТАМЕКЕН» СТУДЕНТТЕР ОТРЯДТАРЫНЫҢ ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫСЫ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.** Г.АБАЙҚЫЗЫ.

ӨНЕГЕЛІ ІЗДІҢ ӨТКЕЛІ

Қоғам мен адам өміріндегі еңбектің рөлі орасан зор. «Адамды адам еткен - еңбек» деген астарлы сөзде үлкен шындық жатқаны анық. Адамның тарихтағы талай таң қаларлық жаңалықтарының ар жағында үлкен даналық пен орасан еңбек жатқан болатын. Егер адам баласы еңбек ете білмегенде осындай дамыған қоғамға қол жеткізуді де неғайбыл. Өзіміз өмір сүріп жатқан мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік саяси дамуы да қарапайым еңбек адамдарының арқасы екені талассыз. Өйткені осы бір қарапайым адамдардың тынымсыз еңбегінің нәтижесінде ел экономикасын көтеруге қаншама пайда тигізіп келеді. Осындай қарапайым да тынымсыз еңбегімен ел жадында сақталып, халықтың құрметіне бөленген азаматтың бірі - Мақсұт Сейтжапаров. Кеше «Құтты мекен -

Көптоғай» тақырыбында Көптоғай ауылдық клубында бір кездері Құрманов атындағы совхоздың бас мал дәрігері болып қызмет жасаған еңбегімен ел таныған Мақсұт Садықұлымен әдемі естеліктер айтылған жастарға үлгі өнеге боларлықтай ғибратты жүздесуге куә болдық. Өмір жолындағы Ойыл ауданы, оның ішінде Көптоғай өңірінің алар орны туралы ақтарыла сыр шерткен ағамен бірге ұзақ жылдар үзеңгілес еңбек еткен әріптесі, ішкі істер саласында абыройлы қызмет атқарған жерлесіміз Елемес Шотанов болды. Кездесудің шымылдығы облысымыздың бірнеше ауданында жемісті еңбек еткен, ел тәуелсіздігінің іргесін бекітуге өз үлесін қосқан азамат туралы бейне-баянмен түрілді. Ғибратты ғұмырдың, өнегелі өмірдің иесі жүрген ізден ізгілік қана іздеуі ләзім. Ел игілігімен мөрейді биігі үшін айнала-

сына жақсылық жасап, сыйлы болған, айналасынан алғыс алған, адал еңбегімен қалтқисыз қызметімен абырой биігінен түспеген азамат туралы жылы естеліктер айтылды. Кездесудің соңында Құрманов атындағы совхозда қызметтес болған ауылдың жақсы ағаларына арнап ала келген сый-сыяпатын табыстады. Ұлықпан Алексеевтің жұбайы Шолпанға Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының I дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісін табыстаса, Мария Сариева «Елеулі еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Бөгенбай Құбашевтың жолдасы Нұрыш апа «Елеулі еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Сонымен қатар тағы бір топ өзімен қатар еңбек еткен азаматқа құрмет көрсетті. **Ажар АЛЕКЕШОВА, Көптоғай ауылдық округі әкімінің бас маманы.**

ОТАНДЫҚ ПЛАТФОРМА



Біздің дәуір – технология заманы. Жаңартатын уақыт келді сананы.

«ТорIQ» – платформа отандық, Болашаққа жетелейтін баланы.

Аудио, бейне ақпараты сан қырлы, Бәрімізді қызықтырар барлығы.

«ТорIQ» – платформа отандық, Электрондық кітаптардың сандығы.

Мына біздер – еліміздің ертеңі. Мына біздер – көркейтетін өлкені,

«ТорIQ» - электрондық оқулық, Кітаптармен толтырмаймыз сөмкені.

Мариям ДАРХАНОВА, Саға мектеп-балабақшасының оқушысы.

КӘСІПКЕР АЛҒЫСЫН БІЛДІРДІ



Кәсіпкерге қолдау көрсету ел экономикасын дамытудың басты қадамы. Түрлі бағдарлама мен оңтайлы жобалардың артқан міндеті де – кәсіп иесінің әлеуетін көтеру, қаржылай демеу. «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы өз бизнесін ашуға дайын, идеясы бар жастарды қолдауға қашан да дайын!

Осы бағытта мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауыл аманаты» бағдарламасы үлкен көмек болып отыр. Осы бағдарлама негізінде бизнеспен айналысуға жеңілдетілген несиесі ұсынылды.

Былтыр «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы кәсіп бастауды көздеген Әсел Өте-ниязова аудандық «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының директоры Жасұлан Ержанов пен кеңесшісі Медет Шай-

мақовқа алғысын айтты. **- Мен «Ауыл аманаты» бағдарламасымен несиесі алуға ойлап, алдымен аудандық палатасына барып, кеңес сұрадым. Маған ең бірінші бағдарламаның басты мақсатын түсіндіріп, қажетті құжаттардың тізбесін берді. Және сол құжаттарды жинақтауға жәрдем беріп, бизнес-жоспар жасауға көмек берді. Ойымды орындауға «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы несиемді алып, ауданда бұрын қолға алынбаған кілем жуу кәсібін ашып, құрал-жабдықтарымды әкеліп қондырғанша қолдау білдірді, -** дейді жас кәсіпкер. **P.S. Халықты, әсіресе әйелдерді бір бейнеттен құтқарған жас кәсіпкер бүгінде өзі де елдің алғысына бөленіп отыр. С. ХАМЗИН, Ойыл селосы.**

ОЙЫЛДЫҚТАР ДА ҮЛЕС ҚОСТЫ



Ауданда "Таза Қазақстан" экологиялық акциясы жалғасуда. Бүгінде акция аудандағы барлық ауыл округтерде өткізіліп жатыр. Өткен апта акция аясында "Таза орман" күні өтті. Сенбілікке аудандық маслихат депутаттары,

"Amanat" партиясының мүшелері, мекеме қызметкерлері, аудан жастары мен "Жасыл ел" жасақшылары атсалысты. Екпелтал ауылын тазарту жұмыстары барысында су шайған көшелері тазаланып, 24 тонна қоқыс шығарылды.

Жиналған қоқыс қалдықтары арнайы полигондарға жеткізілді. Жалпы сенбілік жұмыстарына Ойыл ауылдық округі және Екпелтал орман шаруашылығының техникалары жұмылдырылды.

МЕРЕКЕ ЦЕЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПТІК ЖӨНЕ ӨЗГЕ ДЕ МЕРЕКЕЛЕР ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 1998 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАҢТАРДАҒЫ №3827 ЖАРЛЫҒЫНА СӨЙКЕС 23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ БОЛЫП БЕКІТІЛГЕНІ БЕЛГІЛІ. СОНЫМЕН ҚАТАР 1992 ЖЫЛЫ 23 МАУСЫМДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢДЫ ҚАБЫЛДАҒАН БОЛАТЫН. БҰЛ ТӘУЕЛСІЗ ҚР ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН МІНДЕТІН АНЫҚТАЙТЫН АЛҒАШҚЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТ БОЛДЫ. АЛ, 2007 ЖЫЛЫ 5 МАУСЫМ КҮНІ ҚР ТҰНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ ӨЗ ЖАРЛЫҒЫМЕН 23 МАУСЫМДЫ ПОЛИЦИЯ КҮНІ ДЕП БЕКІТТІ. БИЫЛ ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 32 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР.



Аудан әкімдігінің мәжіліс залында қос мереке иелерінің кәсіби мерекесіне орай салтанатты шара өтті. Аудан басшысы Асқар Қайырғалиұлы елімізде мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызметшінің тиімділігін, беделін көтеру, халыққа барынша жақын ету мақсатында атқарылып

әкімі Асхат Шахаровтың, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департамент басшысы Айбек Ақбергеновтың, аудан әкімінің Алғыс хаттары табысталды. Салтанатты шарада Ойыл аудандық қазынашылық басқармасының бас маманы, бас қазынашысы Жаңағұл Дауылова мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің антын қабылдады. Сонымен қатар бүгінгі күнге дейін ауданымызда мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан ардагер мемлекеттік қызметшілер салтанатты шараның қадірлі қонағы болып, арнайы сый-құрметке ие болса, мемлекеттік қызмет саласына жаңа қадам басқан жас мемлекеттік қызметшілердің ата-аналарына арнайы аудан әкімінің Алғыс хаттары табыс етілді.